

"Жаңаарқа ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің және Жаңаарқа ауданының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне көтермелеулерді қолдану қағидаларын бекіту туралы

Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданының әкімдігінің 2024 жылғы 12 желтоқсандағы № 122 /01 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2015 жылғы 23 қарашадағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес, Жаңаарқа ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған "Жаңаарқа ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің және Жаңаарқа ауданының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне көтермелеулерді қолдану қағидалары бекітілсін.

2. "Жаңаарқа ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі және Жаңаарқа ауданының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдар осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жаңаарқа ауданы әкімі аппаратының басшысына және әкім орынбасарларына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ.Ш. Қожықаев

Жаңаарқа ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 12 желтоқсандағы
№ 122/01 қаулысына қосымша

"Жаңаарқа ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің және Жаңаарқа ауданының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне көтермелеулерді қолдану қағидалары

1. "Жаңаарқа ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің және Жаңаарқа ауданының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне көтермелеулерді қолдану жөнінде осы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңының 35-бабына сәйкес әзірленді және "Жаңаарқа ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің және Жаңаарқа ауданының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне көтермелеулерді қолдану тәртібін анықтайды.

2. "Жаңаарқа ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің және Жаңаарқа ауданының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне мынадай көтермелеулер қолданылады:

- 1) біржолғы ақшалай сыйақы беру;
- 2) алғыс жариялау;
- 3) бағалы сыйлықпен марапаттау;
- 4) грамотамен марапаттау;
- 5) құрметті атақ беру;
- 6) көтермелеудің өзге де нысандары, оның ішінде ведомстволық наградалармен марапаттау.

3. Мемлекеттік қызметшіге бір ерекшелігі үшін бір көтермелеу ғана қолданылады.

4. "Жаңаарқа ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің және Жаңаарқа ауданының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілері лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, мінсіз мемлекеттік қызметі, ерекше маңыздылығы мен күрделілігі бар тапсырмаларды орындағаны үшін және жұмыстағы басқа жетістіктері үшін, сондай-ақ олардың қызметін бағалау нәтижелері бойынша көтермеленеді.

5. "Жаңаарқа ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің және Жаңаарқа ауданының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерін көтермелеу құрамын аудан әкімінің өкімімен бекітілетін мемлекеттік қызметшілерді көтермелеу мәселелері жөніндегі Бірыңғай комиссиясының шешімінің негізінде жүргізіледі (бұдан әрі – Комиссия).

6. "Жаңаарқа ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің және Жаңаарқа ауданының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың әкімшілік мемлекеттік қызметшілері қызметтік міндеттерін үлгілі орындағаны, мінсіз мемлекеттік қызметі үшін ай сайын бір жолғы ақшалай сыйақымен көтермеленеді.

Осы тармақта көзделген ақшалай сыйақы төлемі "Жаңаарқа ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің және Жаңаарқа ауданының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың бюджеттік бағдарламасын қаржыландыру жоспары бойынша қаржыны үнемдеу жолымен жүзеге асырылады.

7. Ерекше маңыздылығы мен күрделілігі бар міндеттерді орындағаны және жұмыстағы басқа жетістіктері үшін, сондай-ақ олардың қызметін бағалау нәтижелері бойынша Қағиданың 6 тармағында көрсетілген мемлекеттік қызметшілер "Жаңаарқа ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің және Жаңаарқа ауданының бюджетінен қаржыландырылатын тиісті атқарушы органдардың бюджеттік бағдарламасын қаржыландыру жоспары бойынша қаржыны үнемдеу жолымен комиссия ұсынымы негізінде Жаңаарқа ауданы әкімінің өкімі және Жаңаарқа ауданының бюджетінен қаржыландырылатын тиісті атқарушы органның бұйрығы негізінде біржолғы ақшалай сыйақымен көтермеленеді.

8. "Жаңаарқа ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің және Жаңаарқа ауданының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне біржолғы ақшалай сыйақы төлеу Жаңаарқа ауданы әкімінің өкімі және Жаңаарқа ауданының бюджетінен қаржыландырылатын тиісті атқарушы органның бұйрығымен жүзеге асырылады.

9. Қызметтік міндеттерін үлгілі орындағаны, қызметте жоғары нәтижеге қол жеткізгені, ерекше маңызды міндеттерді шешуге қосқан жеке үлесі үшін мемлекеттік қызметшілер Жаңаарқа ауданы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталады.

10. "Жаңаарқа ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің және Жаңаарқа ауданы бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерінің Жаңаарқа ауданы әкімінің Құрмет грамотасымен марапаттау мен көтермеленуді есепке алуды Жаңаарқа ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару бөлімі мемлекеттік қызметшінің еңбек кітапшасына және жеке іс қағазына деректерді енгізе отырып жүргізеді.

11. Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес "Жаңаарқа ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің және Жаңаарқа ауданының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне көтермелеудің басқа формалары қолданылады.

12. Мемлекеттік қызметшілер мына жағдайларда көтермелеуге жатпайды:

- 1) алып тастамаған тәртіптік жазасы болса;
- 2) сынақ мерзімінен өту кезеңінде;
- 3) мемлекеттік органда бір айдан аз жұмыс істегендер.